

# «KYB PROMO» ниеттестік бағдарламасын (бұдан әрі – «Ниеттестік бағдарламасы») өткізу ережелері

## Осы Ниеттестік бағдарламасында қолданылатын негізгі терминдер

**Ниеттестік бағдарламасы** — қызметкерлердің мотивациясын арттыруға, KYB өнімін өндірушінің позициясын жақсартуға бағытталған, promo.kyb.ru сайтында ынталандыру Акцияларын өткізу арқылы іске асырылатын «KYB PROMO» атты ынталандырушы іс-шара.

Бұл ынталандырушы лотерея емес. Ниеттестік бағдарламасына қатысу Қатысушы үшін қауіпті емес.

**Акциялар** – Ниеттестік бағдарламасының аясында жүргізілетін белгіленген механиканың ынталандырушы іс-шаралары (осы Ережелердің 5-т. қараңыз). Акцияның талаптары, оның ішінде өткізу мерзімі мен жүлде қоры Акцияға қатысушының ережелерімен реттеледі.

**Бағдарлама сайты** – [promo.kyb.ru](http://promo.kyb.ru), онда өтіп жатқан Акция туралы графикалық, мәтіндік ақпарат, Тіркеу модульдері, Жеке кабинет, Сыйлықтар көрмесі және т. б. орналасқан.

**Кезең ішіндегі мәміле** – KYB өнімінің ресми дистрибьюторы мен KYB өнімінің ресми дистрибьюторынан KYB өнімін сатып алатын сауда орны арасындағы акция өткізілетін кезеңде жасалған күнтізбелік 1 ай кезеңіндегі барлық KYB өнімін сатып алу-сату мәмілелері.

## Ниеттестік бағдарламасының Акциясына қатысушылар:

**1. Санаттық менеджер** – Бағдарлама Ұйымдастырушысының жеке шақыруы арқылы Ниеттестік бағдарламасының сайтында алдын ала тіркелген, KYB өнімінің ресми дистрибьюторының бренд-менеджері.

**2. Сейлз менеджер** – KYB өнімінің ресми дистрибьюторының сатылымдар бойынша менеджері.

**3. ТҚО/Дүкен** – KYB өнімінің ресми дистрибьюторынан KYB өнімін сатып алатын дүкеннің, автосервистің немесе өзге сауда орнының қызметкері/басшысы.

**Алды ала тіркелу** – Ұйымдастырушы жүзеге асырған Ниеттестік бағдарламасының сайтында санаттық менеджерлерді алдын ала тіркеу, оның ішінде Қатысушының Ниеттестік бағдарламасының сайтындағы Жеке кабинетіне кіруі үшін логин мен пароль құру.

**Акцияға Қатысушылардың ережелері** – Акцияны өткізу мерзімдері мен механикасы, ұпайлар есептеу механикасы, Акция Жеңімпаздарын, Акцияға Қатысушылардың әр санаты үшін жүлде қорын анықтау алгоритмі көрсетілген осы Ережелердің қосымшасы. Акция ережелері Қатысушыға Ниеттестік бағдарламасының сайтындағы Жеке кабинетте қолжетімді.

**Акция жеңімпазы** — шотында Жүлде алу үшін жеткілікті ұпайлар саны бар Акцияға Қатысушы; ұтыс ойыны арқылы Акция бойынша Жүлде алушы болып таңдалған Акцияға Қатысушы.

## 1. Жалпы қағидалар:

1.1 Ниеттестік бағдарламасын өткізу мақсаты: Бағдарламаның promo.kyb.ru сайтында ынталандыру акцияларын өткізу арқылы KYB өнімдерін сату көлемін ұлғайту.

1.2 Ниеттестік бағдарламасын өткізу аумағы: Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы.

1.3 Ниеттестік бағдарламасы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жарнамалау мақсатында өткізілетін іс-шара болып табылмайды.

1.4 Ниеттестік бағдарламасын өткізу кезеңі: Бағдарлама іске қосылған сәттен бастап Ұйымдастырушының шешімі бойынша оны толық тоқтатуға дейін қолданыста болады. Ұйымдастырушы Ниеттестік бағдарламасының сайтында ақпаратты орналастыру арқылы Қатысушыларды Бағдарламаның аяқталу күні туралы осындай күннен күнтізбелік 15 күн бұрын хабардар етуге міндетті.

1.5 Мәмілелерді жасау және тіркеу кезеңін қамтитын Акцияны өткізу кезеңі, сондай-ақ Акция Жұлделерін беру мерзімі Акция Ережелерінде көрсетіледі.

## 2. Ниеттестік бағдарламасын Ұйымдастырушы туралы мәліметтер (бұдан әрі мәтін бойынша «Ұйымдастырушы» деп нақты бір мемлекеттің аумағында Ұйымдастырушының қызметтерін орындайтын заңды тұлға танылады)

2.1 РФ аумағында Ниеттестік бағдарламасын Ұйымдастырушы: «База Групп» ЖШҚ, СТЖН 7714444004/ ЕСК 771401001, Мәскеу қ., Ленинградский даңғылы, 47-үй, 2-құрылыс, 4-қабат, II бөлме-жай, 63-бөлме.

2.1.1 Техникалық қолдауды, Акцияға Қатысушылардың дербес деректерін жинауды жүзеге асыратын Ниеттестік бағдарламасының РФ аумағындағы операторы / Салық агенті: «Оригинал» АҚ, СТЖН/ЕСК 7724728510/772401001, Мәскеу қ., Кантемировская көш., 53-үй, 1-корп.

2.2 Қазақстан Республикасының аумағында Ниеттестік бағдарламасын Ұйымдастырушы/ Салық агенті: «Tiger GL» ЖШС, Алматы қ., Медеу ауданы, Қожабергенев көш., 31-үй.

2.3 БР аумағында Ниеттестік бағдарламасын Ұйымдастырушы: «База Групп» ЖШҚ, СТЖН 7714444004/ ЕСК 771401001, Мәскеу қ., Ленинградский даңғылы, 47-үй, 2-құрылыс, 4-қабат, II бөлме-жай, 63-бөлме.

Беларусь Республикасының аумағындағы Салық агенті: «Свежие идеи» жауапкершілігі шектеулі қоғамы, СЕН 190791154, Минск қ., Кульман көш., 11, 4-кеңсе, 2-қабат.

2.4 Ниеттестік бағдарламасын ұйымдастырушы (Оператор) әдепкі қалпы бойынша Ниеттестік бағдарламасын жүргізу аясында өткізілетін ынталандыру Акцияларын ұйымдастырушы (Оператор) деп танылады.

### **3 Ниеттестік бағдарламасының Акциясына Қатысушылар, олардың құқықтары мен міндеттері**

3.4 Қатысушының Ниеттестік бағдарламасының Акциясына қатысу құқығы қатысушының төлем жасауына байланысты емес. Акцияның Жүлде қоры Ұйымдастырушының есебінен құрылады.

3.5 Акцияға қатысқан кезде Қатысушы тәуекелге бармайды, жүлделерді ойнатқан кезде жеңімпазды кездейсоқ таңдау алгоритмдері қолданылмайды.

3.6 Ұйымдастырушының есебінен жүргізілетін және Жүлдені Жеңімпазға тапсыру құны сияқты осы Ережелерде тікелей көрсетілген шығыстарды қоспағанда, Акцияның барлық Қатысушылары мен Жеңімпаздары Акцияға қатысуға байланысты өздері шеккен барлық шығыстарды (оның ішінде Интернетке және мобильді байланысқа, SMS-ке қол жеткізуге байланысты шығыстарды) өз бетінше төлейді.

3.7 Акцияның Қатысушылары ретінде КҮВ өнімдерін сататын дистрибьюторлардың, дилерлердің, ритейлерлердің және автосервистердің қызметкерлері бола алады, олар Қатысушылардың келесі санаттарына бөлінеді: Санаттық менеджер, Сейлз менеджер, ТҚО / Дүкен.

3.8 Ұйымдастырушының қызметкерлері мен өкілдерін, олармен үлестес тұлғаларды, осындай қызметкерлердің отбасы мүшелері мен өкілдерін қоспағанда, әрекет жасауға қабілетті, 18 жасқа толған жеке тұлғалар Акцияның Қатысушылары бола алады. Сонымен қатар осы іс-шараны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге қатысы бар кез келген басқа да ұйымдардың қызметкерлері мен өкілдері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері Акцияға қатыса алмайды.

3.9 Акцияға қатысу фактісі Қатысушының Акцияны өткізу Ережелерімен, Акцияға Қатысушысының ережелерімен танысқанын, олармен толық келісетінін білдіреді, сондай-ақ Қатысушының өзінің дербес деректерін ұсынуға, Акция ұйымдастырушысының/операторының кейін оларды өңдеуіне және пайдалануына, өз байланыс нөмірін (мобильді телефонын) ұсынуға, сондай-ақ электрондық байланыс және пошта арқылы осы Акцияға қатысты SMS-хабарламаларды, жарнамаларды және хат-хабарларды алуға келісімін растайды.

3.10 Қатысушы Ниеттестік бағдарламасына тек өз атынан қатысуға құқылы. Қатысушы SIM картасы қатысушыға тіркелген мобильді телефон нөмірін пайдалануы керек. Мобильді байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан, оған сәйкес осындай тұлға тіркелген кезде көрсетілген мобильді телефон нөмірін пайдалана отырып, тиісті мобильді байланыс желісінің абоненті болып табылатын жеке тұлға Ниеттестік бағдарламасының қатысушысы деп танылады. Егер мобильді телефон нөмірі заңды тұлғаға ресімделген болса, осындай мобильді телефон нөмірін тұрақты пайдаланатын жеке тұлға Бағдарламаға қатысушы болып танылады.

3.11 Барлық жеке ақпарат, оның ішінде Қатысушының аты-жөні, жасы, мобильді телефон нөмірі және/немесе электрондық пошта мекенжайы тек осы Бағдарламаға байланысты ғана пайдаланылады және Ниеттестік бағдарламасын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін ешқандай үшінші тұлғаларға берілмейді.

3.12 Қатысушы Ниеттестік бағдарламасының сайтында Бағдарлама өткізілетін барлық уақытта тек бір рет қана тіркелуге құқылы. Қайта тіркелгені анықталған жағдайда Ұйымдастырушы және/немесе Операторлар Қатысушының барлық есептік жазбаларының күшін жоюға және Жүлделерді беруден бас тартуға құқылы.

3.13 Акцияға қатыса отырып, атап айтқанда — Акцияны өткізу Ережелерінде көрсетілген және Акцияға қатысу мақсаты бар конклюденттік іс-қимылдарды дәйекті түрде жасай отырып, Қатысушы:

- Өзінің он сегіз жасқа толғанын растайды;
- Осы Ережелермен келіседі;
- Өзінің дербес деректерін беруге және оларды
- Ұйымдастырушы мен оның уәкілетті тұлғаларының өңдеуіне келіседі;
- Өзінің Ережелерде көрсетілген талаптарға сәйкес келетінін растайды.

3.14 Акцияға қатыса отырып, Қатысушы өзінің дербес деректерін өңдеуге, атап айтқанда, барлық жеке ақпаратты, оның ішінде аты-жөнін, жасын тек осы Акцияның өткізілуіне байланысты құпия және дербес деректерді жарияламау туралы келісімдер негізінде іс-әрекет ететін Ұйымдастырушы немесе оның уәкілетті тұлғалары ғана пайдаланатын және осы Акцияға байланысты емес мақсаттар үшін ешқандай үшінші

тұлғаларға берілмейтін жағдайда, дербес деректерді аумағында Акция өткізілетін мемлекеттің қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес тек осы Акцияның мақсаттарында ғана Ұйымдастырушының жинауына, жүйелеуіне, жинақтауына, сақтауына, нақтылауына (жаңартуына, өзгертуіне), пайдалануына, бұғаттауына, жоюына келісімін береді.

3.15 Қатысушылар аумағында Акция өткізілетін мемлекеттің қолданыстағы заңнамасында белгіленген құқықтарға ие және міндеттерді атқарады.

#### **4. Ниеттестік бағдарламасының Акциясын Ұйымдастырушының құқықтары мен міндеттері.**

4.1. Ұйымдастырушы аумағында Ниеттестік бағдарламасы өткізілетін мемлекеттің қолданыстағы заңнамасында, сондай-ақ осы Ережелерде және Акцияға Қатысушының ережелерінде белгіленген құқықтарға ие және міндеттерді атқарады

4.2. Салық агенті аумағында Ниеттестік бағдарламасы жүргізілетін мемлекеттің қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке тұлғаның табысына салық салу, төлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асырады. Толық ақпаратты әрбір Қатысушы Акцияға Қатысушының ережелерінен ала алады.

4.3. Аумағында Акция өткізілетін мемлекеттердің қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Акцияны Ұйымдастырушы Акцияға Қатысушылар туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

4.4. Ұйымдастырушы Акция Ережелерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Акцияға Қатысушылармен жазбаша келіссөздер немесе өзге де байланыстар жасамауға құқылы.

4.5. Ұйымдастырушы Акцияға Қатысушы қателерінің, оның ішінде (басқаларына қоса) оған келтірілген шығындардың қандай да бір салдары үшін жауап бермейді.

4.6. Акцияны Ұйымдастырушы Акцияға барлық Қатысушылардың мәмілелері туралы деректерді іріктей отырып, тексеруді жүргізе алады. Әр Қатысушы сұрау салу бойынша жасалған мәмілелер туралы растайтын құжаттарды (шот-фактураның немесе тауар жүкқұжатының сканерленген көшірмесін) ұсынуы тиіс.

4.7. Акцияны Ұйымдастырушы, сондай-ақ оның уәкілетті тұлғалары Акцияға Қатысушылардың алдында Акцияға Қатысушыларды Акция нәтижелерімен таныстырмағаны үшін, сондай-ақ Акцияға Қатысушылардың осы Ережелерде көзделген міндеттерді орындамағаны (уақытылы орындамағаны) үшін жауапты болмайды.

4.8. Акцияны Ұйымдастырушы, сондай-ақ ол уәкілеттік берген тұлғалар Акцияға қатысу үшін тапсырманы орындауға мүмкіндік бермейтін Акцияға Қатысушы қосылған интернет-провайдер желісіндегі техникалық іркілістер үшін; Акцияға Қатысушы қосылған интернет-байланыс операторының және Акцияға қатысу үшін тапсырманы орындау процесіне қатысатын өзге де тұлғалардың әрекеттері/әрекетсіздігі үшін; Акцияға Қатысушылардың Акция нәтижелерімен таныспағаны үшін, сондай-ақ Акцияға Қатысушылардан байланыс ұйымдарының кінәсінен немесе Ұйымдастырушыға байланысты емес өзге де себептер бойынша Жұлделер алу үшін қажетті мәліметтерді алмағаны үшін, сондай-ақ Акцияға Қатысушылардың осы Ережелерде көзделген міндеттерді орындамағаны (уақытылы орындамағаны) үшін жауапты болмайды.

4.9. Егер қандай да бір себеппен Ниеттестік бағдарламасы Акциясының кез келген аспектісі, компьютерлік вирустармен залалдану, интернет желісіндегі кемшіліктер, ақаулар, манипуляциялар, санкцияланбаған араласу, бұрмалау, техникалық ақаулар салдарынан немесе Ұйымдастырушы бақыламайтын, оның орындалуын, қауіпсіздігін, адалдығын, тұтастығын немесе тиісті түрде өткізілуін бұрмалайтын немесе қозғайтын кез келген себептерден туындаған себептерді қоса алғанда, жоспарланғандай жүргізіле алмаса, Ұйымдастырушы жеке өзінің қалауы бойынша Акцияның күшін жоюға, оны тоқтатуға, өткізілуін өзгертуге немесе уақытша тоқтатуға немесе қатысуға берілген кез келген өтінімдерді жарамсыз деп тануға құқылы

4.10. Ұйымдастырушы осы Ережелердің талаптарын және/немесе өзге де Қатысушылардың немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзатын тұлғаларды анықтаған жағдайда, осындай тұлғалардың іс-әрекеттерін бағалау үшін сарапшыны тартады. Акцияны Ұйымдастырушы ұсынған сарапшы өз білімі мен жеке тәжірибесін басшылыққа ала отырып, осындай тұлғалардың іс-әрекеттерін бағалайды және Ұйымдастырушыға өз ұсыныстарын береді. Осы ұсыныстарды негізге ала отырып, Ұйымдастырушы Акцияға қатысуға берілген барлық өтінімдерді жарамсыз деп тануы, сондай-ақ қатысуға өтінім беру немесе Акцияны өткізу процесін немесе кез келген жалғандықтан пайда көретін немесе осы Ережелерді бұза отырып әрекет ететін, бүлдіргіш түрде әрекет ететін немесе осы Акцияға байланысты болуы ықтимал кез келген өзге адамды ренжіту, қорлау, қорқыту немесе алаңдату ниетімен іс-әрекеттерді жүзеге асыратын кез келген тұлғаға осы Акцияға одан әрі қатысуға тыйым салуы мүмкін.

4.11. Ниеттестік бағдарламасының Акциясына қатысты барлық даулы мәселелер аумағында Акция өткізілетін мемлекеттің қолданыстағы заңнамасының негізінде реттеледі.

4.12. Ұйымдастырушы Акцияны өткізу тәртібіне өзгерістер енгізу және Акция туралы қосымша ақпаратты [promo.kub.ru](http://promo.kub.ru) сайтында хабарлау құқығын өзіне қалдырады.

#### **5. Негізгі қағидалар. Ниеттестік бағдарламасының Акциясына қатысу механикасы**

5.1 Қатысушы Бағдарламаның [promo.kyb.ru](http://promo.kyb.ru) сайтына кіріп, тіркелуі керек. Ол үшін Қатысушы Бағдарлама сайтының негізгі бетіндегі «Кіру» түймесін басады және тіркеуді бастаудың алдында тізімнен өзіне тиісті санатты таңдайды: «Сейлз менеджер», «ТҚО / Дүкен».

5.2 Тіркелу нысандары:

5.2.1. Акцияны Ұйымдастырушы «Санаттық менеджер» санатына Қатысушыны алдын ала тіркеп, соңғысы Ұйымдастырушыдан Бағдарлама сайтындағы жеке кабинеттен логин мен пароль алады. Тіркеуді аяқтау үшін «Санаттық менеджер» Бағдарламаның [promo.kyb.ru](http://promo.kyb.ru) сайтына Ұйымдастырушыдан алған логинмен және парольмен кіруі тиіс.

5.2.2. Қатысушыны «Сейлз менеджер» санатына тіркеу нысаны келесі жолдарды қамтиды (барлық жолдарды міндетті түрде толтыру керек):

- мобильді тел.
- Аты-жөні
- электрондық пошта
- атынан Мәмілелер жасалатын компанияның СТЖН
- Дистрибьюторлар (ашылмалы тізім)
- «Тіркелу» түймесі

Қатысушы «Тіркелу» түймесін басқаннан кейін оның қатысуға өтінімі ынтымақтастықты растау үшін Санаттық менеджерге жіберіледі. Санаттық менеджер ынтымақтастықты растағаннан кейін Сейлз менеджер SMS арқылы жеке кабинетке пароль алады.

Егер Қатысушы Бағдарламаның сайтына Санаттық менеджерден алынған шақыру бойынша кіріп, тіркеуден өткен болса, онда жеке кабинетке пароль SMS арқылы бірден келеді және Санаттық менеджерден қосымша растау талап етілмейді.

5.2.3 Қатысушыны «ТҚО / Дүкен» санатына тіркеу нысаны келесі жолдарды қамтиды (барлық жолдарды міндетті түрде толтыру керек):

- мобильді тел.
- Аты-жөні
- электрондық пошта
- атынан Мәмілелер жасалатын сауда орнының СТЖН (РФ үшін), БСН (ҚР үшін) және СЕН (БР үшін)\*
- сауда орнының атауы;
- сауда орны нарықтың қай сегментіне жатады (ашылмалы тізім)
- ел (ашылмалы тізім)
- Дистрибьютор (тізімнен таңдайды)
- Сейлз менеджердің мобильді телефоны
- «Тіркелу» түймесі

\* Назар аударыңыз! Әрбір СТЖН/БСН/СЕН тіркелген кезде тек 1 (бір) рет көрсетілуі мүмкін. Бұрын көрсетілген СТЖН/БСН/СЕН-ді қайта тіркеуге рұқсат етілмейді.

Қатысушы «Тіркелу» түймесін басқаннан кейін оның қатысуға өтінімі ынтымақтастықты растау үшін Сейлз менеджерге жіберіледі. Сейлз менеджер ынтымақтастықты растағаннан кейін ТҚО/Дүкен жеке кабинетке кіру үшін SMS арқылы пароль алады. Егер Қатысушы Бағдарлама сайтына Сейлз менеджерден алынған шақыру бойынша кіріп, тіркеуден өткен болса, онда жеке кабинетке пароль бірден SMS арқылы келеді және Сейлз менеджерден қосымша растама талап етілмейді.

5.3 [promo.kyb.ru](http://promo.kyb.ru) сайтында тіркелу Қатысушыға тіркелген кезде қолданыстағы Акцияға қосылуға мүмкіндік береді. Жеке кабинетке алғаш кірген кезде Акцияға Қатысушы Акция ережелерімен танысуға және олармен танысқанын және келісетінін растауға міндетті.

5.4 Сейлз менеджер санатына қатысушы немесе ТҚО/Дүкен есепті кезең ішінде КҮВ өнімін сатып алу-сату мәмілесін (мәмілелерін) (бұдан әрі – «Мәміле») жасайды. Есепті кезең аяқталғаннан кейін, кезең бойынша мәміленің жүктелгені туралы, Қатысушының таңдауы бойынша смс не e-mail арқылы, хабарлама алынған сәттен бастап 3 күн ішінде Сейлз менеджер және ТҚО/Дүкендер санатындағы Қатысушылар өз санаты үшін Акцияға Қатысушының ережелеріне сәйкес Бағдарламаның [promo.kyb.ru](http://promo.kyb.ru) сайтындағы өзінің Жеке кабинетіне кіріп, Санаттық менеджер жүктеп алған деректермен танысып, деректерді растауы (немесе даулауы) тиіс.

5.5 ТҚО/Дүкендер санатындағы Қатысушының бір дистрибьютор аясында Сейлз менеджер санатының 1 қатысушысымен ғана мәмілелер жасауға мүмкіндігі бар. ТҚО/Дүкендер санатындағы Қатысушы мәмілелер жасай алатын Сату бойынша менеджерлердің жалпы саны шектеулі.

5.6 Сейлз менеджер санатындағы Қатысушы есепті кезеңде жасалған және Санаттық менеджер жүктеп алған кезең үшін мәмілелерді тек бұрын ниеттестік бағдарламасына шақырылған ТҚО/Дүкендермен ғана



растай алады. Бағдарлама сайтында тәуелді ТҚО/Дүкендерді тіркеу сәтіне дейін кезең ішінде мәмілені растау мүмкін емес.

5.7 Кезең бойынша мәміле расталғаннан кейін Қатысушылар осы мәміленің деректеріне өзгерістер енгізе алмайды.

5.8 Кезең бойынша әрбір расталған Мәміле үшін Қатысушыға Акцияға Қатысушының ережелеріне сәйкес оның Қатысушы санатына сәйкес ұпайлар есептеледі.

5.9 Қатысушының таңдауы бойынша смс немесе e-mail арқылы ақпарат алу арқылы кезең бойынша Мәміленің жүктелгені туралы хабарламаны алған сәттен бастап 3 күн өткен соң Қатысушы кезең бойынша Мәмілені дауға сала алмайды. Есеп деректері расталған болып саналады.

5.10 Қатысушының барлық жинаған ұпайлары Бағдарлама сайтында 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде авторизациялау (яғни Қатысушының жеке кабинетке кіруі) болмаған жағдайда автоматты түрде жойылады.

5.11 Жеке кабинетте Қатысушы өзі контрагент болып табылатын барлық мәмілелерді, сондай-ақ расталған мәмілелер үшін есептелген ұпайларды көре алады. Қатысушы Сыйлықтар көрмесіне жүлделерге тапсырыс бере алады.

5.12 Ниеттестік бағдарламасы аясында өткізілетін келесі Акцияға қатысу үшін Қатысушы жаңа Акцияның жарияланған ережелерімен өзінің жеке кабинетінде танысып, олармен танысқанын және келісетінін растауға тиіс. Алдыңғы акцияларға қатысу тарихы, оның ішінде жасалған мәмілелер мен жинаған ұпайлар Қатысушының Жеке кабинетінде сақталады.

## **6. Жеңімпаздарды анықтау және жүлделерді тапсыру тәртібі**

6.1. Әр акцияның талаптары: мәмілелерді жасау және тіркеу кезені. Жүлде қоры, ұпайларды Жүлделерге айырбастау талаптары, ұтыс ойындарын өткізу тәртібі мен мерзімдері және олар бойынша жеңімпаздарды анықтау алгоритмі – Қатысушылардың әрбір санаты үшін Акцияға Қатысушының ережелерінде сипатталады.

6.2. Санаттық менеджер Акцияға Қатысушылардың онымен байланысты мәмілелер туралы деректерді модерациялауды жүргізеді. Әр Қатысушы сұрау бойынша жасалған мәмілелер туралы растайтын құжаттарды ұсынуы керек.

6.3. Акцияны Ұйымдастырушы, Акцияға Қатысушылар алдындағы міндеттемелерді қоспағанда, Жүлдені алуға қандай да бір міндеттемелермен ауыртпалық салмайды.

6.4. Жеңімпаз атанған Қатысушы тіркелген кезде көрсетілген электрондық поштаға Жүлдені алу үшін Ұйымдастырушыға ұсынуы тиіс құжаттар тізбесі бар хат алады. Бұл тізімге мыналар кіреді: көрсетілген құжаттар мен мәліметтер Акцияны Ұйымдастырушыға салық органдарына есептілікті толтыру үшін қажет. Егер Қатысушы қажетті мәліметтерді ұсынбаса, ол Жүлдені алуға үміткер бола алмайды.

6.5. Егер Ұйымдастырушы Жеңімпаздың өзі көрсеткен байланыс деректері бойынша онымен байланыса алмаса және Жеңімпаз жеке өзі Ұйымдастырушымен байланысқа шықпаса, Жүлде талап етілмеген деп танылады.

6.6. Акцияны өткізу нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.